

Кәмелетке толмаған жасөспірімдердің Алматы қаласындағы демалыс орындарына баруы туралы

Күшін жойған

Алматы қаласы Әкімшілігінің қаулысы 2002 жылғы 04 қаңтардағы N 1/02. Алматы қалалық Әділет басқармасында 2002 жылғы 17 қаңтарда N 422 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 11 желтоқсандағы N 5/803 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2009.12.11 N 5/803 қаулысымен.

Соңғы уақытта Алматы қаласында кәмелетке толмаған жасөспірімдердің жасаған қылмыстарының көбеюі байқалуда.

Биылғы 10 ай ішінде ғана ішкі істер органдары құқық тәртібін бұзғаны үшін жасы он сегізден аспаған 13 мың адамды ұстады. Алматы қалалық Уақытша оқшаулау, бейімдеу және сауықтыру орталығына 1511 жасөспірім отырғызылды. 5358 жасөспірім және 4167 ата-ана (қамқоршы) әкімшілік жауапқа тартылды. Он сегіз жасқа толмаған жасөспірімдердің есірткілік заттарды тұтынуының 93 ф а к т і с і а н ы қ т а л д ы .

Алкогольді және темекі өнімдерін жасөспірімдерге сатқызғаны үшін 720 кәсіпкер жауапкершілікке тартылды.

Әдетте жасөспірімдер спирт және темекі өнімдерін сататын әртүрлі демалыс орындарында түнгі уақытта құқық тәртібін бұзады.

Жасөспірімдердің құқықтарына нұқсан келтіретін құқық бұзушылықтың одан әрі өсуінің алдын алу, сондай-ақ он сегіз жасқа толмаған жасөспірімдер жасайтын заңға қайшы келетін іс-қимылдардың жолын кесу мақсатында Алматы қалалық әкімшілігі қаулы етті :

1. Түн мезгілінде (сағат 23.00 ден таңғы сағат 6.00-ге дейін) кәмелетке толмағандардың ата-анасының (қамқоршыларының) ілеспейінше қаланың демалыс орындарында (саябақтағы аттракциондар, кинотеатрлар, түнгі клубтар, компьютерлік клубтар, ойын автоматтар залы, мейрамханалар, барлар, кафелер, бильярд клубтары, казино) болуына шек қойылсын.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Алматы қаласы Әкімшілігінің 2005

2. Алматы қалалық Білім департаменті (Г. Есімбаева), Алматы қаласындағы орта, кәсіптік, жоғары оқу орындарының басшылары Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Кодексінің "Кәмелетке толмаған жасөспірімдердің әкімшілік жауапкершілігі" 9-тарауында және Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі "Кәмелетке толмаған жасөспірімдердің қылмыстық жауапкершілігі" VI бөлімінде көрсетілгеніндей, оқушы жастар мен ата-аналары (қамқоршылары) арасында түсіндіру үшін ә н г і м е л е с у ө т к і з с і н .

3. Аудандардың әкімдері, Алматы қалалық Ішкі істер Бас басқармасы (Қ.Қасымов) осы қаулыда көрсетілгеніндей, демалыс орындарының қызметіне шектеу қойылуын қамтамасыз етсін.

4. Алматы қаласы әкімінің баспасөз қызметі (Г.Дүйсембинова):
1) осы қаулыны бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын;
2) Алматы қаласындағы жасөспірімдердің құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиямен бірлесе отырып, осы қаулының қабылдану себептерін бұқаралық ақпарат құралдары арқылы Алматы қаласының тұрғындарына хабарласын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ә.Ыбыраевқа, Алматы қаласындағы аудандардың әкімдеріне жүктелсін .

6. Алматы қаласы әкімінің 2001 жылғы N 3/330 қаулысының күші ж о й ы л д ы д е п т а н ы л с ы н .

А л м а т ы қ а л а с ы н ы ң

Әкімі

Әкімшілік хатшысы

